

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Словак Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынастары туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 12 сәуірдегі N 37 Заңы

Братиславада 2004 жылғы 31 мамырда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Словак Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынастары туралы келісім бекітілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен  
Словак Республикасының Үкіметі арасындағы  
Халықаралық автомобиль қатынастары туралы  
КЕЛІСІМ**

*(2005 жылғы 3 шілдеде күшіне енді - СИМ-нің ресми сайты)*

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Словак Республикасының Үкіметі (бұдан әр і - Т а р а п т а р ) ,

елдер арасында халықаралық автомобиль қатынасы саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту қажеттілігін басшылыққа ала отырып, екі мемлекет арасындағы автомобиль қатынасын жүзеге асыруды, сондай-ақ олардың аумақтары бойынша транзитті жеңілдетуге ұмтыла отырып, өзара көмек, ынтымақтастық және өзара тиімділік негізінде осы мәселелерді реттеуге тілек білдіре отырып, төмендегілер туралы келісті:

**1-бөлік**

**Ұғымдарды қолдану және анықтау саласы**

**1-бап**

1. Осы Келісім Қазақстан Республикасы мен Словак Республикасы арасындағы халықаралық автомобиль жолаушы және жүк тасымалдарын, олардың аумақтары арқылы транзитті, сондай-ақ бір Тарап мемлекетінің аумағында тіркелген автокөлік құралдары орындайтын үшінші мемлекеттерге және үшінші мемлекеттерден т а с ы м а л д а р д ы р е т т е й д і .

2. Осы Келісім Тараптар қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын олардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

## 2-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін:

1. "Тасымалдаушы" термині Тараптардың бірінің мемлекеті аумағында тіркелген және осы мемлекет қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес ақы үшін немесе өз есебінен халықаралық автокөлік тасымалдарын орындауға рұқсат берген жеке немесе заңды тұлғаны білдіреді.

2. "Автокөлік құралы" термині:

а) жолаушы тасымалдары жағдайында - Тараптардың бірінің мемлекеті аумағында тіркелген, өзінің құрылымы мен жарақтануы бойынша автомобиль жолдарында тоғыздан көп адамды (жүргізушіні қоса алғанда) тасымалдау үшін жарамды әрі соған арналған механикалық жетегі бар автобусты немесе кез келген басқа да автокөлік құралын;

б) жүк тасымалдары жағдайында - Тараптардың бірінің мемлекеті аумағында тіркелген, тіркеме мен жартылай тіркемені қоса алғанда, автомобиль жолдарында жүк тасымалдауға арналған механикалық жетегі бар кез келген автокөлік құралын білдіреді.

3. "Жолаушылардың тұрақты тасымалдары" термині алдын ала белгіленген қозғалыс кестесіне, тасымалдау тарифтеріне және оларға сәйкес алдын ала белгіленген пункттерде жолаушылар мінетін және түсетін тасымалдау шарттарына сай белгілі бір бағыт бойынша автокөлік құралдарымен жолаушыларды тасымалдауды білдіреді.

4. "Жолаушылардың тұрақты емес тасымалдары" термині:

а) автокөлік құралдары тіркелген мемлекетте орналасқан жөнелту пунктінен баратын пунктіне белгілі бір автокөлік құралдарымен жолаушылардың белгілі бір топтары екінші Тарап мемлекетінің аумағы арқылы тасымалданатын және осындай сапарлар барысында жолаушылардың жеке құрамы өзгермейтін тасымалдарды;

б) жолаушылар тобы автокөлік құралы тіркелген мемлекет аумағынан екінші Тарап мемлекетінің аумағына тасымалданатын және автокөлік құралы бос қайтатын тасымалдарды білдіреді.

5. "Жолаушылардың маятниктік тасымалдары" термині екінші Тарап мемлекетінің аумағында орналасқан белгілі бір жеткізу пунктіне автокөлік құралы тіркелген мемлекет аумағында орналасқан белгілі бір жөнелту пункттерінен алдын ала қалыптасқан жолаушылар топтары белгілі бір автокөлік құралдарымен бірнеше рейспен тасымалданатын, бұл ретте баратын пунктіне жеткізілген жолаушылар топтары жөнелту пунктіне кейінірек тасымалданатын, жолаушылар тасымалдарын білдіреді. Баратын пунктінен жөнелту пунктіне жасалатын алғашқы рейс және жөнелту

пунктінен баратын пунктіне жасалатын соңғы рейс бос болуы тиіс.

6. "Каботаждық тасымалдар" термині екінші Тарап мемлекетінің аумағында орналасқан екі пункт арасында бір Тарап мемлекеті тасымалдаушыларының жолаушылар мен жүктерді тасымалдауын білдіреді.

## **2-бөлік**

### **Жолаушы тасымалдары**

#### **3-бап**

1. Осы Келісімге сәйкес жолаушыларды автобустармен тасымалдау, осы Баптың 5 және 6-тармақтарында көрсетілген тасымалдауларды қоспағанда, рұқсаттар негізінде жүзеге асырылатын болады.

2. Жолаушыларды автобустармен тұрақты түрде тасымалдау рұқсаттар берудің негізінде жүзеге асырылады, олар Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарының өзара келісімі бойынша беріледі. Әрбір Тарап мемлекетінің құзыретті органы оның мемлекетінің аумағы бойынша өтетін бағыт бөлігіне ғана рұқсат береді.

3. Жолаушыларды автобустармен тұрақты тасымалдауға арналған рұқсатты беру туралы өтінімді Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары алдын ала жібереді. Өтінімде бағыт, кесте және тарифтер туралы деректер, сондай-ақ қозғалысты ашудың ұйғарылған мерзімі қамтылуы тиіс.

4. Өтінімнің мазмұны мен нысанын осы Келісімнің 16-бабына сәйкес құрылған Бірлескен Комиссия анықтайды.

5. Тұрақты емес жолаушылар тасымалын орындауға рұқсат талап етілмейді. Жолаушылардың тұрақты емес тасымалдарын жүзеге асырған кезде автокөлік құралында жолаушылар тізімі болуы тиіс.

6. Тасымалдаушы бұзылған автокөлік құралын бос жол жүретін, пайдалануға жарамды басқа автокөлік құралымен алмастырған жағдайда рұқсат талап етілмейді.

#### **4-бап**

Маятниктік тасымалдауды орындау үшін рұқсат талап етіледі. Маятниктік тасымалдауға арналған өтінімді тасымалдаушылар өз мемлекеттерінің құзыретті органдарына береді, олар оны мақұлдағаннан кейін өтінімді екінші Тарап мемлекетінің құзыретті органына жолдайды.

#### **5-бап**

Бір Тарап мемлекетінің аумағына, 3-баптың 6-тармағында айтылмаған, екінші Тарап мемлекетінің бос автокөлік құралдарының кіруі үшін автокөлік құралы бағыт алған Тарап мемлекетінің құзыретті органы беретін жеке рұқсат қажет.

### **3-бөлік**

## **Жүк тасымалдары**

### **6-бап**

1. Тараптар мемлекеттері арасында жүктерді тасымалдау, бір Тарап мемлекетінің аумағынан екінші Тарап мемлекетінің аумағы арқылы үшінші мемлекеттерге және үшінші мемлекеттердің аумақтарынан бір Тарап мемлекетінің аумағына екінші Тарап мемлекетінің аумағы арқылы жүктерді тасымалдау рұқсаттар негізінде жүзеге асырылады.

2. Әрбір рейске және әрбір автокөлік құралына жеке рұқсат берілуі тиіс. Әрбір рұқсат бір рейспен барып қайтуды жүзеге асыруға рұқсат береді. Бос автокөлік құралдары үшін де рұқсат талап етіледі.

3. Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары рұқсаттар бланкілерінің өзара келісілген санын бір-біріне береді.

4. Жүктерді тасымалдауды орындауға арналған рұқсатты тасымалдаушыға автокөлік құралы тіркелген мемлекеттің құзыретті органы береді.

5. Тасымалдауды орындауға берілген рұқсатты, ол кімге берілсе, сол тасымалдаушы ғана пайдалана алады және басқа адамға берілмейді.

### **7-бап**

1. Мыналарды тасымалдау үшін:

- а) қоныс аудару және көші-қон кезінде жылжымалы мүлікке;
- б) жәрмеңкелер мен көрмелерге арналған экспонаттарға, жабдықтарға және материалдарға;
- в) спорттық іс-шараларды өткізуге арналған автокөлік құралдарына, бәйге аттарына, спорттық мүкәммал мен мүлікке;
- г) театр декорациясы мен реквизиттеріне, музыкалық аспаптарға, кинотүсірілім, радио, теледидар хабарлары мен цирктік қойылымдар жабдықтары;
- д) қайтыс болғандардың сүйектеріне немесе күлдері бар сауыттарына;
- е) бүлінген автокөлік құралдарына;
- ж) табиғи зілзалалар, авариялар, апаттар кезінде шұғыл көмек көрсету бойынша;
- з) тіркеменің салмағын қоса алғанда, рұқсат етілетін пайдалы жүк көтерімділігі 3,5 тоннадан немесе тіркемелерін қоса алғанда, жалпы салмағы 6 тоннадан аспайтын

автокөлік

құралдарына ;

и) почталық жөнелтілімдерге рұқсат талап етілмейді.

2. Осы Баптың 1-тармағының б), в), г) тармақшалары онда көрсетілгенен заттарды кері тасымалдаған немесе кейіннен үшінші мемлекеттерге тасымалдаған жағдайларда ғана қолданылады .

3. Тараптар мемлекеттерінің біріндегі заңды немесе жеке тұлғаларға арналған жаңа автомобильдерді жасаушы зауыттан айдап апаруға рұқсат талап етілмейді.

#### **4-бөлік**

### **Жалпы ережелер**

#### **8-бап**

Жолаушылар мен жүктерді каботаждық тасымалдауға рұқсат етілмейді.

#### **9-бап**

1. Автокөлік құралының жүргізушісінде өзі басқаратын автокөлік құралының санатына сәйкес келетін ұлттық немесе халықаралық жүргізуші куәлігі және 1968 жылғы 8 қарашадағы Біріккен Ұлттар Ұйымдарының Жол қозғалысы туралы Вена конвенциясының талаптарына жауап беретін автокөлік құралына арналған ұлттық тіркелу құжаттары болуы тиіс .

2. Тараптар мемлекеттерінің автокөлік құралдарының тасымалдаушылары мен жүргізушілері аумағы бойынша жолаушылар мен жүктерді тасымалдау жүзеге асырылатын мемлекеттің жол қозғалысы ережелері мен заңнамасын сақтауға міндетті.

3. Салмағы немесе көлемі екінші Тарап мемлекетінің аумағында белгіленген ең көп мөлшерден асып түсетін автокөлік құралдарымен жүктерді, сондай-ақ қауіпті жүктерді тасымалдау осы Тарап мемлекетінің құзыретті органдарының арнайы рұқсатын алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады. Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары арнайы рұқсат беру туралы өтінішке оны алған күннен бастап 30 күннен кешіктірмей жауап беруі тиіс .

4. Тараптар мемлекеттерінің тасымалдаушылары мен олардың жүргізушілері жасаған құқық бұзушылықтар үшін аумағында құқық бұзушылық болған мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес жауап береді.

#### **10-бап**

Осы Келісімде аталған рұқсаттар екінші Тарап мемлекетінің аумағында орындалатын тасымалдау барысында автокөлік құралында болуы және бақылауға құқығы бар органдардың талаптары бойынша көрсетілуі тиіс.

## 11-бап

Бір Тарап мемлекетінің тасымалдаушылары екінші Тарап мемлекетінің аумағында осы мемлекеттің қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес жолаушылар мен жүктердің тасымалдарын орындауды ұйымдастыру мақсатында өз өкілдіктерін құра алады.

## 12-бап

1. Осы Келісімнің негізінде тасымалдарды орындайтын автокөлік құралдары, сондай-ақ оларды жөндеуге арналған қосалқы бөлшектер осы автокөлік құралдарын пайдалануға және олардың екінші Тарап мемлекетінің аумағы бойынша қозғалысына байланысты баждардан және алымдардан (жол салығы) босатылады.

2. Осы Баптың 1-тармағының ережелері ақылы автострадаларды, магистральдық жолдарды, туннельдерді, көпірлерді және басқа да осы үлгідегі инженерлік және техникалық жол құрылыстарын пайдалануға байланысты салықтар мен алымдарды төлеуге және 9-баптың 3-тармағы бойынша арнайы рұқсаттарды беру үшін алымдар төлеуге қолданылмайды.

## 13-бап

### М ы н а л а р :

а) осы Келісім шеңберінде тасымалдауды орындайтын автокөлік құралдарын жөндеу үшін екінші Тарап мемлекетінің аумағына уақытша әкелінетін қосалқы бөлшектер ;

б) автокөлік құралы тіркелген мемлекетке әкетілуге немесе кеден органдарының бақылауымен жойылуға тиісті ауыстырылған және пайдаланылмаған бөлшектер;

в) жасаушы зауыт автокөлік құралына орнатқан бактардағы отын (200 литрден артық емес) және тасымалдауды орындау үшін қажетті жағармай материалдары кедендік баждардан, салықтар мен алымдардан босатылады.

## 14-бап

Шекаралық, кедендік және санитарлық бақылау Тараптар мемлекеттерінің қолданыстағы заңнамаларына және Тараптар мемлекеттері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

## 15-бап

Жолаушыларды, жануарларды, тез бұзылатын азық-түліктерді және қауіпті жүктерді автомобиль көлігімен тасымалдау кезінде шекаралық, кедендік және санитарлық бақылау кезексіз өткізіледі.

## **16-бап**

Осы Келісімнің ережелерін орындау және туындайтын даулы мәселелерді шешу үшін Тараптар өз мемлекеттерінің құзыретті органдарының өкілдерінен Бірлескен Комиссия құрады.

Бірлескен Комиссияның мәжілістері Тараптардың біреуінің мемлекетінің құзыретті органының ұсынысы бойынша Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында алма-кезек өткізіледі.

## **17-бап**

1. Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары өз мемлекеттері тасымалдаушыларының осы Келісімнің ережелерін сақтауын қамтамасыз етеді.

2. Екінші Тарап мемлекетінің аумағында осы Келісімнің ережелерін бұзған тасымалдаушыларға қатысты аумағында бұзушылық болған мемлекеттің құзыретті органдары мынадай шаралар қабылдауы мүмкін:

а) болатын мемлекет заңнамасының талаптарын сақтау қажеттігі туралы тасымалдаушыны ескерту;

б) тасымалдаушыны өз мемлекеті аумағында тасымалдауды орындау құқығынан уақытша, ішінара немесе толық айыру.

3. Осы баптың 2-тармағы негізінде қабылданған шаралар туралы Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары бір-бірін хабардар етеді.

## **18-бап**

Тараптар Атқару Хаттамасында осы Келісімді қолдану ережесін белгілейді.

Атқару Хаттамасына Келісіммен бір мезгілде қол қойылады және де оның ажырамас бөлігі болып табылады.

## **19-бап**

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке Хаттамалармен ресімделеді. Осы Келісім шеңберінде, Осы Келісімнің 16-бабына сәйкес құрылған Бірлескен Комиссия Атқару Хаттамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқығы бар. Атқару Хаттамасындағы мұндай өзгерістер мен толықтырулар дипломатиялық ноталармен алмасу жолымен расталатын болады.

## 20-бап

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап 60 күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Әрбір Тарап екінші Тарапты жазбаша хабардар ету жолымен осы Келісімнің қолданысын тоқтата алады.

Келісім бір Тарап екінші Тараптан тиісті хабарлама алған күннен бастап алты айдан соң қолданысын тоқтатады.

2004 жылғы 31 мамырда Братислава қаласында әрқайсысы қазақ, словак және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының* *Словак Республикасының*  
*Үкіметі үшін* *Үкіметі үшін*

Осымен 2004 жылғы 31 мамырда Братислава қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Словак Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынастары туралы келісімнің бұл көшірмесінің дәлдігін куәландырамын.

*Қ а з а қ с т а н* *Р е с п у б л и к а с ы*  
*С ы р т қ ы і с т е р* *м и н и с т р л і г і н і н*  
*Х а л ы қ а р а л ы қ - қ ұ қ ы қ* *д е п а р т а м е н т і н і н*

*Кеңесшісі*

### **Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Словак Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынастары туралы келісімді қолданудың ережелері туралы АТҚАРУ ХАТТАМАСЫ**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Словак Республикасының Үкіметі (бұдан әрі - Тараптар) 2004 жылғы 31 мамырда Братислава қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Словак Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынастары туралы келісімді қолданудың ережелерін анықтау мақсатында, төмендегілер туралы уағдаласты:

1. Аталған Келісімнің мағынасында құзыретті органдар деп мыналарды түсіну керек:

**Қазақстан Республикасы тарапынан:**

а) Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі;



б) 9-Баптың 1-тармағы бойынша - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрілігі.

**Словак Республикасы тарапынан:**

3, 4, 5, 6, 9 және 17-Баптар бойынша - Словак Республикасының Көлік, почталар және коммуникациялар министрілігі.

2. 3 және 6-Баптарды іске асыру үшін тасымалдарды орындауға арналған рұқсаттардың мынадай санаттары белгіленеді:

а) бір Тарап мемлекетінің аумағында орналасқан пункт пен екінші Тарап мемлекетінің аумағында орналасқан пункт арасында;

б) Тараптардың бірінің мемлекеті аумағы арқылы транзитпен үшінші мемлекетке;

в) Тараптардың бірінің мемлекеті аумағынан үшінші мемлекетке немесе үшінші мемлекеттен Тараптардың бірінің мемлекеті аумағына.

3. Рұқсат бланкісі 3, 6-баптар бойынша:

**Қазақстан тарапы:** қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде;

**Словак тарапы:** словак, ағылшын, француз және неміс тілдерінде жасайды.

Тиісті күнтізбелік жылда қолданылатын рұқсаттар бланкілерінде бір жылға жасалған реттік нөмірлері, сондай-ақ рұқсаттарды берген Тараптар мемлекеттерінің жауапты тұлғаларының қолдары мен құзыретті органдарының мөрлері болуы тиіс.

4. Бірлескен Комиссия немесе Тараптар мемлекеттердің құзыретті органдары күнтізбелік жылдың 15 желтоқсанына дейін өзара алмасу жүргізілетін, келесі жылға арналған рұқсаттар бланкілерінің қажетті санын белгілейді. Берілген рұқсаттар бланкілері онда белгіленген күнге дейін қолданылады.

5. Бірлескен Комиссия мәжілістерінде Тараптар осы Келісім баптарының орындалу жай-күйі, халықаралық автомобиль тасымалдарына байланысты мемлекет заңнамасындағы өзгерістер, салықтық, кедендік және басқа да алымдар, өткен жылғы тасымалдардың жай-күйі, шекара өткелдері жұмысының режимдері, рұқсаттар бланкілерін пайдалану және тасымалдарды жетілдіруге бағытталған басқа да мәселелер туралы бір-бірін хабардар етеді.

6. Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарының атаулары өзгерген жағдайда, бұл туралы Тараптар бір-бірін дипломатиялық арналар арқылы хабардар етеді.

2004 жылғы 31 мамырда Братислава қаласында әрқайсысы қазақ, словак және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Атқару Хаттамасының ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының* *Словак Республикасының*  
*Үкіметі үшін* *Үкіметі үшін*

Осымен 2004 жылғы 31 мамырда Братислава қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Словак Республикасының Үкіметі арасындағы

Халықаралық автомобиль қатынастары туралы келісімді қолданудың ережелері туралы атқару хаттаманың бұл көшірмесінің дәлдігін куәландырамын.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы*  
*С ы р т қ ы                      і с т е р                      м и н и с т р л і г і н і ң*  
*Х а л ы қ а р а л ы қ - қ ұ қ ы қ                      д е п а р т а м е н т і н і ң*

*Кеңесшісі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ